**"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 1096 Қаулысы

"Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Б.С. Әйтімоваға жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қазандағы N 1096 қаулысымен бекітілген

## "Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" ашық акционерлік қоғамын дамытудың 2004-2006 жылдарға арналған жоспары

Астана, 2004 жыл

## 1-бөлім. Ұлттық компанияның даму жағдайы мен перспективалары туралы баяндама

### 1.1. Кіріспе

"Қазақ ақпарат агенттігі" ұлттық компаниясы" (бұдан әрі - "Қазақпарат" ҰК" ААҚ) ашық акционерлік қоғамының даму жоспары "Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының орта мерзімді жоспарларын әзірлеу ережесін

бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 14 маусымдағы N 647 қаулысын орындау мақсатында әзірленген.

"Қазақпарат" ұлттық компаниясы "Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Қазақ ақпарат агенттігі" (ҚазААГ) республикалық қазыналық кәсіпорнын ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 8 қарашадағы N 1186 қаулысымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын ашық акционерлік қоғам ретінде құрылған. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2002 жылғы 20 желтоқсандағы бұйрығымен бекітілген Жарғысына сәйкес, оның қызметі ұлттық ақпарат агенттігін құру, елдің сыртқы және ішкі саясатын ақпараттық жарнамалау және әлемдік ақпараттық кеңістіктегі Қазақстанның оң келбетіне қолдау көрсету болып табылады.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ ҚазААГ-тың заңды мұрагері ретінде өз қызметінің негізгі көрінісін сақтап қалды және республикада тілшілер қосындарының тармақталған желісіне, сондай-ақ Нью-Йорк, Мәскеу, Пекин, Брюссель, Ташкент және Бішкек қалаларында шетелдік тілшілер қосындарына ие.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның жарияланған жарғылық капиталының мөлшері 4276000 (төрт миллион екі жүз жетпіс алты мың) теңгені құрайды. Жарияланған жарғылық капиталы 4276 (төрт мың екі жүз жетпіс алты) дана қарапайым атаулы акцияларға бөлінген, әр акцияның номиналдық құны 1000 (бір мың) теңге. Компанияның жарғылық капиталын ұлғайту мақсатында 2004 жылы республикалық бюджеттен 41 миллион теңге бөлінді.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның құрамында жеке құрылымдық бөлімшесі (Алматы қаласында филиалы) бар. Компания бір орталықтан басқарылатын біртұтас заңды тұлға болып табылады.

Ұйым құрылымында еншілес компаниялар жоқ.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-н басқаруды:

Басқару органы - Директорлар кеңесі (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектің N 1051 қаулысымен бекітілген);

Атқару органы - "Қазақпарат" ҰК" ААҚ Президенті;

Бақылаушы органы - Ревизиялық комиссия жүзеге асырады.

**Басқарудың ұйымдық құрылымы "Қазақпарат" ҰК" ААҚ орталық аппаратының құрылымы**

```
                                                   _____________
                                                 |   Президент   |
                                                   |_____________|
                    _____________                                  _____________
```

```
                  |Әкімшілік кадр|                    |  Референт    |
               |     қызметі    |                    |               |
       |______________|      |_____________|

______________               ________________         ______________
|Шетел ақпарат|             |Ақпарат қызмет |       |Экономика және|
| қызметі      |             |жөніндегі вице-|     |--|даму жөніндегі|
|              |             |   президент   |     |  |вице-президент|
|_____________|               |_______________|     |   |______________|
                                                    |    _____________
    ___________________                             |  |   Қаржы      |
   |Шетелдік тілшілер|                              |--|экономикалық |
    |      желісі       |         _____________     |  |  қызметі     |
|--|                    |       |    Бас       |    |    |_____________|
|   |___________________|   |--| редакциялар|      |                  |
|                                   |    |_____________|               |
|     ___________________        |                                      |
|--|       Мәскеу       |   |                          |   _____________
|   |___________________|   |       _____________       |--| Бухгалтерия |
|    __________________     |   |Арнайы жоба  |        |   |_____________|
|--|         Пекин             |     |   |және имидж      |              |
|   |___________________|   |--|редакциясы    |         |    _____________
|                           |   |_____________|         |  |Маркетинг және|
|    ___________________    |                         |--|  менеджменті  |
|--|     Нью-Йорк      |   |                           |  |    қызметі    |
|   |___________________|  |      _____________        |   |______________|
|                                |    |    Алматы     |                  |
|     __________________    |   |қаласындағы |         |     ____________
|--|      Брюссель      |   |--|   филиал    |         |  | Техникалық   |
|   |___________________|   |   |____________|        |--|   қызмет      |
|                          |                        |   |______________|
|      ____________________      |       ______________                  |
|--|      Ташкент       |   |--|  Фотоқызмет |        |    _____________
|   |___________________|   |   |_____________|        |  |  Шаруашылық  |
|                          |                        |--|     қызметі    |
|     ___________________   |     _____________           |______________|
|--|            Бішкек                    |      |    |Обл.   тілшілер|
          |____________________|         |--|        желісі             |
               |_____________|
```

"Қазақпарат" ҰК" АAҚ-н басқарудың ұйымдық құрылымының қазіргі үлгісі компанияның негізгі қызметінің ерекшеліктерінен туындаған. Компания қызметінің

негізгі өнімі ақпараттық қызмет көрсету болып табылады. Ақпараттық өнім түзу мен оны жүзеге асыру қызметтерді оңтайлы жіктеуге және өндірістік тізбенің әрбір буынының үйлесімділігіне байланысты.

Өндірістік процестің бастапқы кезеңі ақпараттық өнімдер шығарудың базалық негізін құрайтын - материалдар жинау болып табылады. Материалдың сапасы мен көлемі тілшілер желісінің деңгейі мен аймақтық қамтуға, сондай-ақ бірінші блокқа және компанияның ұйымдық құрылымының екінші блогына енгізілген қызмет атқарушы тілшілердің біліктілігі мен кәсібилігіне тікелей байланысты. Компанияның әлемдік ақпараттық кеңістіктегі қызмет аясын кеңейту сан-салалы шетелдік тілшілер желісінің болуын талап етеді.

Екінші кезеңге - берілген материалдарды өңдеу және саралау, оларды жүзеге асыру үшін дайын өнім ретінде түзу кіреді. Бұл жұмысты бас редакциялар, сондай-ақ ұйымдық құрылымнның екінші блогы болып табылатын тақырыптық жаңалықтар қызметі жүзеге асырады.

Үшінші кезеңде дайын өнімді ақпараттық рынокқа өткізу жүзеге асырылады. Өнімді өткізу процесіне тұтынушылардың жоғары сұраныстарын, ақпараттық өнімдерді тұтынушылардың мүдделі топтарын, тұтынушылардың шығарылатын өнімдерге қоятын негізгі талаптарын анықтайтын ең негізгі бағыттарға компания қызметін сегменттеу және бағдарлау үшін ақпараттық қызметтер рыногына маркетингілік зерттеу жүргізу амалы да кіреді.

Бұл қызмет компанияның ұйымдық құрылымының үшінші блогына жүктелген. Бұлардан бөлек, үшінші блоктың міндетіне өндіріс процесіне қосылған барлық құрылымдардың жұмыстарын техникалық және ұйымдық тұрғыдан қамтамасыз ету кіреді.

Жоғарыда көрсетілген компанияның жұмысын ұйымдастыру сызбасы әрбір буынның өз қызметінде бір-біріне тура және жанама тәуелді екендігін көрсетеді.

## 1.2. Қызмет аясының рыногын талдау

Қазіргі кезде "Қазақпарат" ҰК" ААҚ ақпараттық агенттіктерге ақпараттық қызметтер көрсету саласында маманданған компаниялардың көмегімен маркетингілік зерттеу жүргізуді қолға алып отыр. Бағалау бойынша, 2002 жылы Қазақстан рыногындағы ақпараттық қызметтің көлемі 2001 жылмен салыстырғанда өсіп, 1 млрд. теңгеден асқан.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның ақпараттық өнімдерді сатудан түскен соңғы жылдардағы табысы:

2000 жылы - 18180 мың теңгені;
2001 жылы - 20557 мың теңгені;
2002 жылы - 19831 мың теңгені құраған.

2003 жылы негізгі қызметтен түсетін табыс 99683 мың теңге мөлшерде болды.

Қазіргі кезде ақпараттарды ақылы негізде 120 жаздырып алушы алып отыр.

Ақпараттарды тегін алатын клиенттерді (шамамен 100 клиент) ақылы негізге көшіру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ақпараттық рынокқа қатысушылар үлесінің аздығы көп жағдайда бұрыннан қалыптасып қалған клиенттік базамен және бұқаралық ақпарат құралдары үшін тегін ақпараттар беру тәжірибесімен түсіндіріледі. Мемлекеттік тапсырыс ауқымында өзінің негізгі миссиясын орындау мақсатында бұл тәжірибе бұқаралық ақпарат құралдарына қатысты бұдан әрі де жалғаса береді. Мемлекеттік органдарды қоса алғанда, рыноктың басқа қатысушыларына ақпараттарды ақылы негізде беру тәжірибесі дамытылатын болады.

Рынокта "Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ға тікелей бәсекелес болып табылатын бірнеше ірі агенттік бар. Олар - кең таралған халықаралық тілшілер желісі бар "Интерфакс", " РАТА-ТАСС", "Рейтер" агенттіктері. Сондай-ақ "Kazakstan Today", "Кода" және тағы да басқа осы типтес бірқатар ұсақ ақпарат агенттіктері бар. Ақпараттық рыноктағы бәсекелестік деңгейін жоғары деп бағалауға болады.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның өнімдерін орталық және жергілікті мемлекеттік басқармаларды, дипломатиялық миссияларды, халықаралық ұйымдарды, бұқаралық ақпарат құралдарды, ұлттық компанияларды, оқу мекемелерін және шағын және орта бизнес субъектілерін қамтитын заңды тұлғалар тұтынады.

Тұтынушыларға қызмет көрсетудің маңыздылығына және кері байланыстың бар екендігіне жасалған маркетингілік акцент маркетинг және менеджмент қызметін құру арқылы іске асты.

Көрсетілетін қызметтерді және оның деңгейінің сапасын жақсарту үшін компания қызметкерлерін дайындау және қайта дайындау қажеттілігі туындады.

## 1.3. 2001-2003 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметін талдау

### 1.3.1. 2001-2002 жылдардың қорытындылары

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның 2001-2002 жылдардағы өндірістік-қаржы қызметінің нәтижелері негізінде төмендеп табыстар серпіні қалыптасты (1-кесте):

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның 2001-2003 жылдардағы табыстар құрылымы

1-кесте

| Көрсеткіштер | Бірлік өлшемі | 2001 жылдың есебі | 2002 жылдың есебі | 2002 жылдың 2001 жылға %-бен |
|---|---|---|---|---|

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Көрсетілген қызметтердің көлемі, барлығы: | мың теңге | 23 069 | 21 973 | 95 |
| Ақпараттық қызметтер | мың теңге | 20 557 | 19 831 | 96 |
| Көрсетілген қызметтің жалпы көлеміндегі % үлес | % | 89,1 | 90,1 | |
| Мүліктерді жалдау | мың теңге | 1 536 | 1 217 | 79 |
| Көрсетілген қызметтің жалпы көлеміндегі % үлес | % | 6,7 | 5,5 | |
| Басқа да табыстар | мың теңге | 976 | 925 | 95 |
| Көрсетілген қызметтің жалпы көлеміндегі % үлес | % | 4,2 | 4,4 | |

Осы 1-кестеден байқалып отырғандай, үлестік көрсеткіші 90%-ды құрап отырған, 2001-2002 жылдардағы компания қызметінің негізгі түрлері ақпараттық қызметтер көрсету болған.

2001 жылғы көрсеткіштермен салыстырғанда, 2002 жылы табыстың 21973 мың теңгеге дейін, яғни, 1096 мың теңгеге немесе 4,7%-ға, оның ішінде:

қызметтің негізгі түрі бойынша - 726 мың теңгеге немесе 3,5%-ға;

мүлікті жалға беру бойынша - 319 мың теңгеге немесе 2,7%-ға кемуі байқалады.

Ал, 2001 және 2002 жылдардың шығыстары бойынша компанияда қарама-қарсы үрдіс байқалды.

**"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның 2001-2002 жылдардағы шығыстары**

2-кесте
(мың. теңге)

| 2001 жыл есеп | 2002 жыл есеп | 2002 жылдың 2001 жылға %-бен |
|---|---|---|
| 20 363 | 23 799 | 117 |

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ бойынша шығыстар 2001-2002 жылдар кезеңінде абсолюттік мәнде 3436 мың теңгеге немесе 16,8%-ға өсті, табыстар азайған жағдайда,

бұл шығын нәтижесіне әкеліп соқтырады және компанияның қаржы жағдайына әсер етеді.

2002 жылдың қаржылық қорытындысы компанияның дағдарысты жағдайын ерекше айқын көрсететіндігін атап өту қажет. 2002 жылдың қорытындысы бойынша компанияның шаруашылық қызметі нәтижесінде 1826 мың теңге соманың шығыны келген.

Компанияның кірістері мен шығыстары арасында өзара үйлесімнің болмауы компанияның қаржы тұрақтылығына да әсер етпей қойған жоқ. Бұл факті 2001-2002 жылдардағы бірқатар баланстық көрсеткіштерге талдау жасауда байқалады (3-кесте).

**"Қазақпарат" ҰК" ААҚ валюта теңгерімінің өзгеруі**

3-кесте

| Көрсеткіштер | 2001 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| ағымдағы активтер | 3498 | 2594 |
| ағымдағы пассивтер | 5914 | 6975 |
| жеке капитал | -702 | -2529 |
| жеке капиталдың өзгеруі | 2707 | -1826 |
| жеке айналымдағы капитал | -2416 | -4381 |

2002 жылғы теңгерім мәліметтері бойынша кредиторлық берешектің 5914 мың теңгеден 6989 мың теңгеге дейін, яғни 1075 мың теңгеге өскені байқалады. Бұл ретте бюджетке төлемдер бойынша қарыздар 1,5 млн. теңгеден 3 млн. теңгеге дейін, 2 есеге жуық өскен. Дебиторлық берешек 2117 мың теңгеден 1182 мың теңгеге дейін, яғни 935 мың теңгеге төмендеген.

Талдау жасалған кезеңде Компания жеке айналымдағы капиталдың дефициті жағдайында жұмыс істеген. Ол 2002 жылы 1966 мың теңгеге өскен (жыл басындағы 2416 мың теңгеден жыл соңында 4381 мың теңгеге дейін). Бұл жеке қарыздық қаржыларды пайдалану тиімділігінің төмен дәрежесін байқатады.

Осының нәтижесінде, компанияның төлемдік қабілеті мен алынған қарыздық қаржыларды қайтару мүмкіндігін сипаттайтын оның өтімділік коэффициенті серпінінде өте төмен көрсеткішке дейін құлдыраған:

| Коэффициенттер | 2001 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| ағымдағы өтімділік | 0,59 | 0,37 |
| шапшаң өтімділік | 0,39 | 0,21 |
| абсолютті өтімділік | 0,030 | 0,029 |

Экономикалық өсудің тұрақтылық коэффициенті - кәсіпорынның өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігі 0,7-ге тең, яғни бірліктен төмен болуына байланысты, компанияның өндірістік-қаржы қызметін жалғастыруда түбегейлі өзгерістер қажет.

**Негізгі құралдар**

| | 2001 жыл | 2002 жыл |
|---|---|---|
| НҚ актив түріндегі үлесі | 0,33 | 0,42 |
| қолданыстағы НҚ үлесі (көлік құрал-жабдық) | 0,88 | 0,90 |
| НҚ ескіру коэффициенті | 0,44 | 0,454 |

Актив түріндегі негізгі құралдар үлесі 9%-ға ұлғайған кезде, қолданыстағы негізгі құралдардың үлесі 2%-ға өсті. Бұл ретте негізгі құралдардың ескіру коэффициенті ұлғайды. Жағдайды жақсарту үшін компанияны техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыру жөніндегі, әсіресе көлік пен құрал-жабдықтарды жаңарту бөлігінде, ұйымдық-қаржы шараларын жүргізу қажет.

Актив түріндегі ағымдағы құралдардың үлесі 9%-ға қысқарды. Яғни жеке айналымдағы қаржыларды айтарлықтай азайтқан кезде, негізгі құралдарды сатып алу есебінен оларды пайдалану да баяулады. Бұлардан бөлек, айналымдық активтердегі тауар қорларының үлесі 9%-ға ұлғайды.

Компанияны қаржылай сауықтыру және тұрақтандыру мақсатында 2003 жылдың бірінші тоқсанынан бастап компанияны қайта құру жөнінде шаралар белгіленген.

### 1.3.2. 2003 жылдың қорытындылары

2003 жылдың қаржылық көрсеткіштерін құрағанда республикалық бюджеттен түскен 150 млн. теңге мөлшеріндегі (Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігімен 2003 жылғы 6 ақпанда жасалған мемлекеттік сатып алулар туралы N 5 шартқа сәйкес) түсім қарастырылған. Міне осылайша, " Қазақпарат" ҰК" ААҚ бойынша негізгі қызметтен түсетін түсімдер 99,6 млн. теңгені құраған. Бұл 2002 жылмен салыстырғанда 5 есе көп.

Шығыстар 102,7 млн. теңге сомасын құрады. Соның ішінде жалпы және әкімшілік шығыстар - 32,2 млн. теңге.

2001-2002 жылдардағы теріс табыс серпініне қарамастан, жаңа даму тұжырымдамасының қабылдануына байланысты, 2003 жылы, 2002 жылдың есебімен салыстырғанда, 4,6 есеге табыс өсімі болды. Сонымен қатар, ақпараттық қызмет көрсетуден түскен табыстардың үлес салмағы табыстың жалпы құрылымында 98,8%-ға

дейін өсті.

Компанияны дамытуға 2003 жылы республикалық бюджеттен 75,1 млн. теңге бөлінген. Осы қаржы сомасы ауқымында, ұйымдастыру техникалары мен офистік жабдықтар, бағдарламалық база, автоматтандырылған телефон станциясы, автокөлік құралдары сатып алынды.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның ақпараттық өндірісінің негізін құрайтын маңызды мәселенің бірі - тілшілер желісін құру болып табылады. Тілшілердің негізгі дерек көздерден алатын ақпараты - ақпараттық өнімдер жасауға шикізат базасы болады. Өзінің тарамдалған тілшілер желісі болмай, "Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның жеткілікті көлемде және қажетті сапада өзінің ақпарат өнімін шығару мүмкіндігі болмайды, бұл - компания рынокта бәсекелесе алмайды, өз дамуының экономикалық негіздемесін қамтамасыз ете алмайды деген сөз. Қалыптасқан жағдайды тез арада түзету мақсатында "Қазақпарат" 2003 жылдың бірінші тоқсанында облыстық тілшілер қосындарын жасақтау және шет елдерде бірнеше тілшілер бекетін ашу жөніндегі жұмыстар жүргізді.

2003 жылдың екінші тоқсанынан бастап ақпараттық өнімдер дайындауда және оны рынокқа шығаруда, сонымен бірге, клиенттер базасын кеңейтуде кезеңдік шаралар қарастырылған.

Компанияның материалдық-техникалық базасын жаңартуға 2003 жылы салынған капиталдық салымдарды іске асыру, сонымен бірге, ішкі ақпараттық рынокқа алдын-ала маркетингілік талдау жүргізу амалдары ақпараттық өнімдерді өткізу рыногы мен көрсетілетін қызметтер кешенін кеңейтуге мүмкіндік берді.

## 1.4. 2004-2006 жылдарға арналған даму жоспары

### 1.4.1. Мақсаттары мен міндеттері (стратегиялық және 2004 жылға арналған)

Компанияның қызметі ақпараттық және үгіт-насихаттық жұмысты жүргізудің әлемдік стандарттарына сай келуі және демократиялық қоғам ретінде Қазақстанды дамыту көрсеткіштерінің бірі болуы керек.

Экономиканың көтерілуімен, іскерлік белсенділіктің жандануымен сипатталанатын қолайлы макроэкономикалық жағдайлар ақпараттық қызметтерге деген жоғары сұранысты түзеді және болжамды кезеңде ақпараттық қызметтер рыногының қарышты дамуын көздейді.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ының жоспарлы кезеңдегі жұмыстарының мақсаты мыналар болып табылады:

1. Мемлекеттің қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өмірін жан-жақты және жедел баяндау, Қазақстан

Республикасының сыртқы және ішкі саясатына ақпараттық үн қосу;

2. Әлемдік ақпараттық кеңістіктегі елдің оң беделін арттыру;
3. Компанияның рыноктық құнының тұрақты ұзақмерзімдік өсуі;
4. Ақпараттық қызмет көрсету рыногындағы компанияның бәсекелестік мүмкіндігін арттыру.

Ал, "Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның міндеттері мыналар:

1. Ақпараттық рыноктағы өз айқындамасын нығайту;
2. Ішкі және сыртқы саясатқа бағыт ұстанған бизнесті қалыптастыру;
3. Бәсекелесе алатын және қазіргі заманғы ақпараттық инфрақұрылым қалыптастыру.

2004 жылғы стратегиялық міндет - қысқа мерзім ішінде бәсекелестік рыногы жағдайындағы жұмысқа дайындалу, сондай-ақ компанияны капиталдандыруды арттыру.

## 1.4.2. Алға қойылған міндеттерге қол жеткізудің жолын таңдау

Алға қойған міндеттерге қол жеткізу үшін "Қазақпарат" ҰК" ААҚ мынадай стратегиялық бағыттарды таңдайды:

1. Қазіргі заманғы ақпараттық инфрақұрылым құруды аяқтау;
2. Ақпараттық кеңістіктің жоғары табысты сегментіндегі бизнесті жандандыру;
3. Клиенттерге берілетін қызметтер мен қызмет көрсетудің сапасын арттыру;
4. Көрсетілетін қызметтерді жүзеге асыруды арттыру;
5. Өнімдер мен қызметтердің, соның ішінде шет тілдегі қызмет түрлерін кеңейту;
6. Шұғылдықты, өзектілікті, мазмұн мен стильді жақсарту арқылы ақпараттық өнімдердің сапасын жақсарту;
7. Айналымды және ақша түсімдерін арттыру;
8. Активтерді мен табыстардың өсімін ұлғайту;
9. Қызметкерлердің біліктілігін жетілдіру;
10. Қазіргі заманғы техникалық инфрақұрылымдар құру;
11. Компанияның тұрақты дамуын қамтамасыз ету, жекелеген бизнес үрдістері бойынша тиімді еншілес кәсіпорындар құру.

Компанияның рыноктағы жетекші айқындамасын нығайту тұтынушыларға берілетін қызметтер сапасын көтеру, өткізу жүйесін айтарлықтай ұлғайту есебінен жүзеге асырылатын болады.

Компанияны дамыту стратегиясы:

1. Мемлекеттік органдар мен ірі компаниялардың ақпараттық қажеттіліктерін маркетингілік зерттеу.

2. Мемлекеттік және мемлекеттік емес сектордағы клиенттер үшін ақпараттық өнімдердің кең көлемін әзірлеу және жетілдіру.

3. Коммерциялық рынокта ақпараттық өнімдер мен қызметтерді сатудың тұрақты өсімін қамтамасыз ету.

4. PR-тапсырыстардан қосымша табыстар табу.

5. Қызметкерлерді оқыту және олардың біліктілігін көтеру, әлеуметтік жағдайлармен қамтамасыз ету.

6. Менеджменттің қазіргі заманғы деңгейімен қамтамасыз ету, консультанттар тарту, серіктестік ұйымдармен өзара іс-қимылдар.

7. Ірі инвестициялық жобаларды жүзеге асыру, компания беделінің өсуін қамтамасыз ету.

## 1.4.3 Өнім шығарудың даму серпіні (жұмыстар, қызметтер)

Ұлттық компанияны дамытудың типтік жоспарына сәйкес (1ҰК, 2ҰК, 3ҰК, 4ҰК, 5ҰК санаттар бойынша) әзірленген 2004-2006 жылдардың жоспары "Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ты дамытудың жаңа тұжырымдамасына бағытталған.

Тұжырымдамада клиенттер тобын кеңейту, ұсынылатын өнімдердің сапасы мен санын арттыру, маркетингінің жаңа тұжырымдамасы есебінен негізгі қорларды техникалық тұрғыдан қайта жарақтандыру мен ағымдағы шығындар құрылымын түбегейлі өзгерту жолымен табысты ұлғайтуды көздейді.

Қызметтің негізгі түрінен алынатын табыс жаңа өнімдік тізбеге негізделген. Олар мына төмендеп өнім түрлері болып табылады:

1. "Таңғы жаршы".
2. "Елеулі оқиғалар, атаулы күндер, есімдер" оқиғалар күнтізбесі (ай сайын).
3. "Елеулі оқиғалар, атаулы күндер, есімдер" оқиғалар күнтізбесі (жылдық).
4. "Қазақпараттың" жаңалықтар таспасы.
5. "Ресми жаршы".
6. "Қазақстан-Бизнес".
7. "Қазақпарат-Анонс" - алдағы аптада болатын оқиғалардың күнтізбесі.
8. "Қазақпарат-Фото" - фотожаңалықтар таспасы.

2005 және 2006 жылдары ақпараттық өнімдердің жаңа түрлерін әзірлеу және шығару жоспарланған.

2006 жылы клиенттерге, 2 мыңнан астам жаздырып алушыға өнімдердің 10 түрі ұсынылатын болады. Міне, осылайша, компанияның негізгі қызметінен түсетін табыс көлемі 19,83 млн. теңгеден (2002ж.) 2006 жылы 228,9 млн. теңгеге дейін, немесе 11,6

е с е г е ө с е д і .

Сметада көзделген шығыстар дамудың жаңа тұжырымдамасына сәйкес қайта құрылымдалып, өндіріске (өзіндік құнға) тікелей жұмсалатын және шығыстарға кететін шығындарға топтастырылған. Олар жалпы және әкімшілік шығыстарда көрсетілген. Даму жоспарын әзірлеу барысында бұрынғы жылдардағы кемшіліктер ескеріліп, шығыс бөлігі алынатын кірістер мен бюджеттік түсімдер көлемімен тығыз байланыстырылған. Компанияда тұңғыш рет қызметтің нақты көрсеткіші - ақпараттық хабар анықталған. Тұтастай алғанда, өнімнің өзіндік құны есептеп шығарылған. Компанияда еңбек ететін қызметкерлер санын кезең-кезеңмен 66-дан 179-ға дейін ұлғайту көзделген.

**Еңбекақы қоры мен табыстың өсу серпіні, мың теңге**

Қағаз мәтіннен қараңыз

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, оның ішінде Президент Әкімшілігі, Парламент және Үкіметтің ақпараттық рынокта сұранысқа ие хабарларын тарататын эксклюзивті дерек көз немесе бастапқы дерек көз ретіндегі мәртебесі аса маңызды жайт. Осы жағдайды тиімді пайдалану "Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ға бірқатар бәсекелестік басымдықтар береді.

Компанияның қазіргі ұйымдық-техникалық және қаржы жағдайы таяудағы жылдарда мемлекеттік реттеуді және қаржылық қолдауды талап етеді. Атап өтілгеніндей, 2003 жылы компания қызметіне 150 млн. теңге сомасында мемлекеттік демеуқаржы жоспарланған. 2004-2006 жылдары компанияны дамыту жоспарын жүзеге асыру, компанияның тұрақты қаржы негізіне шығуын қамтамасыз ету үшін мемлекеттік бюджеттен қосымша қаржылай қолдау қажет болады.

Дамыту жоспарында 2003-2005 жылдарда Қазақстан Республикасының облыстарында 14 тілшілер қосынын және шет елдерде 6 тілшілер қосынын ұстау, радиостанция, жаңалықтар теледидары студиясын, фотоқызмет ашу, жиһаз, компьютерлік техникалар мен автомобильдер сатып алу көзделген.

Компанияны қайта құрылымдауға жұмсалған қомақты инвестициялық және ағымдағы шығыстарға байланысты, сондай-ақ компанияның мемлекеттік қаржылық қолдау қызметінен толық коммерциялық негіздегі қызметке ауысуына байланысты, 2004 жылы төмен рентабельділік сақталып, серпін біртіндеп ұлғаяды (2006 жылы рентабельділік 4,5%-ды құрайды).

## 1.4.4. Баға және тариф саясаты

Ақпараттық қызметтердің құнын анықтауда сатып алушының төлем мүмкіндігі, өнімнің шығарылу көлемі мен таралу аймағы ескерілген саралау тәсіл қолданылады.

Баға саясатын құруда бәсекелестік бағаның әсері жетекші фактор болып табылады. Шығарылған өнімнің өзіндік құны өндірістік шығыстардың компания қызметінің

қаржы нәтижесіне деген шағын тәуелділігімен біркелкіленеді. Шығарылған өнім клиенттерге электрондық желі арқылы жеткізілуі мүмкін. Солай болғанмен де, өндірістік шығыстар, өнімді сатуға және жеткізуге кеткен маркетинг және менеджмент қызметінің қосымша шығыстарын қоспағанда, іс жүзінде еш өзгермейді.

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ қызметінің ерекшелігі бұқаралық ақпарат құралдарын ақпараттандыру жөніндегі мемлекеттік тапсырысты ақысыз негізде орындау болып табылады. Бұл ерекшелік бұқаралық ақпарат құралдарына және рыноктың жекелеген эмитенттеріне жеке арналған ақпаратты өнімдер түрлерінде көрініс табады. Бұл тәжірибе мемлекеттік қаржылық қолдау көрсету есептелген 2004-2006 жылдардағы кезеңде жалғасады.

## 1.4.5. Қаржы нәтижелері және бюджетпен қатынас

Қарастырылып отырған үшжылдық кезеңде "Қазақпарат" ҰК" ААҚ мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуге мемлекеттік тапсырысты орындау жөніндегі конкурсқа қатысуды жоспарлап отыр.

2005 жылы жаңалықтар теледидары студиясын құру жөніндегі жобаны жүзеге асыруға 14,1 млн. теңге көлемінде заемдық қаржы керек.

2004-2006 жылдарға жасалған болжамда компанияның шығынсыз деңгейге біртіндеп шығуы және рентабельділіктің оң серпініне қол жеткізу қарастырылған. Корпоративтік табыс салығы түрінде 11,8 млн. теңге төлеу жоспарлануда. 26 млн. теңге көлемінде қосымша құнға салық төлеу жоспарланып отыр. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, 2003 және 2004 жылдары компания ақпараттық қызмет көрсетуде қосымша құн салығынан босатылады.

(мың теңге)

| Салықтық аударымдардың түрлері | 2004 жыл | 2005 жыл | 2006 жыл |
|---|---|---|---|
| қосымша құн салығы | 0 | 7 030 | 19 006 |
| әлеуметтік салық | 8 991 | 13 360 | 14 695 |
| көлік құралдарына салық | 146 | 200 | 220 |
| мүлік салығы | 560 | 800 | 880 |
| қоршаған ортаны ластағаны үшін салынатын салық | 14 | 15 | 15 |

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-н дамыту жоспары ауқымында қаржылық көрсеткіштерді жақсарту үшін, негізгі қызметтен түсетін табыс көзінен құралатын қаржы ағынын 2004-2006 жылдары жоспарланған бағыттарға сәйкес компанияны одан әрі дамытуға жұмсау жоспарланып отыр. Атап айтқанда, 2004 және 2005 жылдардағы компанияның табысын толығымен инвестициялық жобаларды қаржыландыруға жұмсау жоспарлануда, бұл кейінірек табыстың қосымша көзін қамтамасыз ететін болады. Табыстарды қайта инвестициялау сырттан тартылатын қаржы көлемін азайтуға және компанияның берешектерін төмендетуге мүмкіндік береді. 2006 жылға акциялардың мемлекеттік пакетіне таза табыстың 50%-ы көлемінде дивидендтер төлеуді бастау жоспарланған ( бұл 5 млн. теңгені құрайды).

## 2-бөлім. Ұлттық компанияны дамытудың инвестициялық жоспары

### 2.1. Инвестициялық саясат және оның негіздемесі

"Қазақпарат" ҰК" ААҚ-ның инвестициялық саясаты қазіргі заманғы өндірістік инфрақұрылым қалыптастыруға, сондай-ақ, ел ішіндегі ғана емес, халықаралық ақпараттық кеңістіктегі компанияның қызметін нығайтуға және кеңейтуге бағытталған.

Компанияның инвестициялық саясатының негізгі басымды бағыттары өзіне мыналарды қамтиды:

- радиоэфир аясында ақпараттық қызмет көрсетуді дамыту;
- ақпараттық бейнеөнімдер шығару үшін базалық негіз жасау жолымен қызмет ауқымын кеңейту.

